мұнда,  $E_H = 0,12$  – күрделі қаржы төлемінің нормативті коэффициент тиімділігі;

$K_0$  - коммутациялық аппараттардың шығыны, кіріс және реттелінетін құрылғылар, қорғаныс құрылғылары және басқа да компенсациялайтын қондырғылардың шығыны, тг;

КБ үшін  $Q_K^2 = 0$ , сол кезде

$$Z_{кКБ} = Z_{окКБ} + E_H Z_{y,K<1} \left( \frac{U_{КБ}}{U_{НОМ}} \right) Q_{КБ} + C_{нот} \Delta P_{КБ} Q_{КБ} \quad (6.10)$$

мұнда:  $Q_{КБ}$  - конденсатор батареяның қуаты, квар;

$\Delta P_{КБ}$  - конденсатордың меншік шығын қуаттары, кВт/квар;

$U_{КБ}$  - конденсатор батареялардың кернеуі, В;

$Z_{y,K<1}$  - конденсатор батареяны қондырған кезде меншікті шығыны;



$Z_{окБ}$  - конденсатор батареяның тұрақты көрсеткіш шығындары,

$$Z_{оккк} = E'_{кв}(K_b + K_p) \quad (6.11)$$

мұнда  $E'_{кв}=0,223$  – күрделі қаржының нормативт коэффициент тиімділігі;

$K_b$  және  $K_p$  - кіріс және реттелетін құрылғылардың бағалары, тг.

Практикада әдетінше өндіріс орындарында компенсация құрылығы қондырығы бөлек қарастырылады, яғни КБ, СҚ немесе біріккен қондырғы ретінде КБ және Сқ деп баяндалады.


Өндіріс орынында синхронды қозғалтқыштың болмаған жағдайларында алдымен компенсация құрылығысының оптималды қуаты таңдалынады, содан кейін подстанциядағы күштік трансформаторлардың оптималды қуаты анықталады.

#### 6.4.Электр желісінде компенсация құрылғыларын орналастыру

Компенсация құрылығысының оптималды қуатын анықтап болғаннан кейін өндіріс орнында оны қалай орналастыру мәселесі туындайды. Компенсация құрылығысын рационалды орналастыру 6-10кв жағдайда синхронды қозғалтқыштармен және асинхронды қозғалтқыштармен тікелей байланысты.

Электр желілерінде кернеуі 1 кВ дейінгі реактивті қуатты компенсациялау ретінде статикалық конденсаторлар пайдаланады. Талапқа сәйкес күштік шкапка және магистральды шинапроводқа қуаты кем дегенде 30 квар аз емес реттелмейтін конденсатор батареялары қондырылады.

Конденсатор батареяны 1 кВ дейінге ТП ның ішіне немесе магистральды шинопроводтың бастпақы бөлігіне орналастыру үшін цехтің өрттен және жарылыс қауіпінен алыс болатын талаптарға сай келу керек.



а) радиалды,

б) магистральды

1.1 сурет – КБ кернеуі 1 кВ дейінгі желіде орналастыру

1 кВ дейінгі желіде біріккен цехтік компенсация құрылғыларын орнатқан кезде олардың қуаты шкафтардың, шинопровожтардың реактивтік жүктемелері анықталуы керек.

Осы кемшіліктері азайтқан кейін компенсация құрылғысын әр нүктеге орналастыру үшін эквивалентті кедергі мына формуламен есептеледі, Ом,

$$r_{\text{эк}} = r_1 r_2 / (r_1 + r_2) \quad (6.12)$$

Төрт және бес түйіндерге бөлгендіктен магистральдағы шинопроводтың шеткі нүктесінен бастап эквивалент кедергісі есепке алынады:  $R_1 = r_{34} + r_4$  және  $R_2 = r_3$

$$r_{\text{эк}3} = \frac{(2 \cdot 10^{-3} + 2,5 \cdot 10^{-3}) \cdot (4,5 \cdot 10^{-3})}{(2 \cdot 10^{-3}) + (2,5 \cdot 10^{-3}) + (4,5 \cdot 10^{-3})} = 2,25 \cdot 10^{-3} \text{ Ом}$$

$$r_{\text{эк}2} = \frac{(1,5 \cdot 10^{-3} + 2,25 \cdot 10^{-3}) \cdot (3 \cdot 10^{-3})}{(1,5 \cdot 10^{-3}) + (2,25 \cdot 10^{-3}) + (3 \cdot 10^{-3})} = 1,67 \cdot 10^{-3} \text{ Ом}$$

$$r_{\text{эк}1} = \frac{(2,5 \cdot 10^{-3} + 1,67 \cdot 10^{-3}) \cdot (5 \cdot 10^{-3})}{(2,5 \cdot 10^{-3}) + (1,67 \cdot 10^{-3}) + (5 \cdot 10^{-3})} = 2,27 \cdot 10^{-3}$$

Кедергілерді анықтап болғаннан кейін магистральды шинопроводка 2 НБК жалғануын анықтаймыз. Озімнің берілген цех бойынша, яғни Устахалық прессті цехты қарастырдым. Оның реактивті қуаттарының қосындысы 772 квар тең көрсеткішті көрсетеді. Конденсатор батареяның реактивті қуаттар қосындысы, яғни жұмысым бойынша НБК таңдалған 350 батареялар 700 квар көрсеткішкі (400+300) көрсетеді.

Бірінші трансформатордан шеткі орналасқан батареяның жалғануын анықтаймыз:

4 түйін,  $250 > 200 < 150$  – талап орындалады;

5 түйін,  $150 \geq 200 > 0$  - талап орындалмайды;

Осы мәліметтерге сәйкес 400 квар конденсатор батареясын 4 түйінге орналастыруға мүмкіндігі бар

Енді трансформаторға жақын орналасқан екінші конденсатор батареясын, яғни 300 кварлық батареяның орналасуын анықтаймыз:

1 түйін,  $322 > 150 < 72$  - талап орындалмайды;

2 түйін,  $122 > 150 > 57$  - талап орындалмайды;

3 түйін,  $157 > 150 > 50$  - талап орындалады;

4 түйін,  $50 > 150 < 150$  - талап орындалмайды;

Осы мәліметтерге сәйкес трансформаторға жақын орналасқан конденсатор батареясын 3 түйінге орналастыру мүмкін болып табылады.

## **7. Экономика бөлімі**

### **Түйіндеме**

Құрылыс жоспарын табысты жүзеге асырғаннан кейін іске қосуға жоспарланған, осы бизнес-жоспар дизел-құрылыстық зауытының сыртқы электрмен қамтамасыз ету сұлбасын негіздеуге арналған. Зауыт Алматы қаласының аймағында салыну жоспарланып отыр. Жоспарланып отырған зауытқа қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу және жеткізу аяқталды. Сонымен қатар бұл зауыттың республика үшін үлкен стратегиялық маңызы бар екенін айта кеткен жөн.

### **7.1 Электр энергиясымен жабдықтаудың сыртқы сұлбасының тиімділігінің техника-экономикалық дәлелдемесі**

Дәлелдеме әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

Екі немесе бірнеше сұлбалар нұсқаларын саластырып тиімдісін таңдау;

Көрсеткіштер бағаларын таңдау;

Есептеу уақытын анықтау;

Шекті сипатамаларды анықтау.

Алғашқы кезеңде бірнеше сұлбалар бір-бірімен салыстырылады. Барлық нұсқалар ауданды немесе объектіні электр энергиясымен бірдей жағдайда қамтамасыз ету керек.

Тиімділікті есептеу үшін интегралдық (дисконтты) және ықшамдалған көрсеткіштерді қолдануға болады. Сондай-ақ екеуін де бірігіп қолдана береді.

Дисконттық әдіс, есептелген уақыттың тиімділігін талап етеді. Осы есептелген уақыт ішінде интегралдық ұсталымдар мен инвестициялық шешімдердің нәтижесін анықтау қажет. Ол уақыт есебінде нормалық қызмет уақыты алынады.

Шекті немесе критикалық көрсеткіштерді сұлба және сұлба элементері туралы мәлімет аз болған жағдайда есептеу керек.

### **7.2 Инвестициялық жоспар**

Экономикалық есептердің мақсаты – электр желісінің параметрлерін және оның элементтерінің сұлбаларының тиімді нұсқаларын анықтау.

Зауыт қуаты шектелмеген энергожүйенің қосалқы станциясынан, қуаты 63 МВА, кернеуі 230/115/37 кВ болатын екі үш орамды трансформатор орнатылған. Трансформаторлар бөлек жұмыс істейді. Энергожүйе қосалқы станциясынан зауытқа дейінгі қашықтық – 25 км. ЭБЖ - 230 кВ жағындағы қысқа тұйықталу қуаты 1800МВА. Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді.

Зауыттың барлық атқарылатын жұмыстары мен қызметтерінің түрлеріне сай келетін құжаттамалары бар. Бағалау саясатының негізгі бағыты клиенттердің кең ауқымына қызмет көрсетуге және тауарларға қол жеткізудің

оңайлылығында. Зауыт қосымша бөлшектер мен жұмсалатын материалдарды жеткізуші әр түрлі кәсіпорындар және фирмалармен серіктестік қарым-қатынастарын сәтті дамытуда. Арнайы техника үшін отандық жиынтықтардың бағасы шет елден тасмалдану бағасынан төмен болғандықтан, өндіріс пайдасын арнайы техниканың үлкен көмегімен, өндіріс тиімділігінің жоғарылығының, сондай-ақ пайдалынатын шикізаттың бағасының төмендігіне және төмен шығын жүкқұжаттары арқасында сақтауға болады. Электр энергиясын үнемдеу (зауытта электр энергиясын есептеу жүйесін орнату) және электрмен қамтамасыз ету сұлбасындағы ЭБЖ және трансформаторлардағы электр энергиясын жұмсау шығынын азайту. Электр энергиясын есептеу жүйесінің көп жылдық тәжірибесі есептеу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы және қондырғылардағы электрдің жұмсалуды бақылау салдарынан электр энергиясын жұмсау көлемі 10-15 % төмендегенін көрсетті.

Экономикалық есептеудің мақсаты – бұл анықтау сұлбаның үйлесімді нұсқасы, электр желілерінің параметрі және олардың элементтері.

Электр жабдықтау сұлбасын таңдау екі нұсқаны салыстырумен жүзеге асады. Экономикалық көзқараспен нұсқаларды салыстырғанда, бірінші кезекте мақсатқа сәйкес құрылыс үшін, ең бастысы инвестиция көлемінің сұрағын шешу керек, жобаның пайдасының есебін жасау, тап осы жоба енгізуге арналған инвестиция есесін қайтару мезгіл есебін жүзеге асыру.

Зауыт қосалқы станциясыдан қоректенуді жүзеге асырады, зауыттан қосалқы станцияға дейінгі арақашықтық 25км.

Кәсіпорынның сыртқы электрмен жабдықтаудың орынды сұлбасын анықтау үшін екі нұсқаны қарастыруды қабылдаймыз.

1.ЛЭП 115 кВ

2.ЛЭП 37 кВ

Осы нұсқаға қажетті инвестицияны анықтаймыз. Жобаның капиталды салымына бірнеше құрамдар кіреді: құралдың бағасы, өңдеу жұмыстары және транспортты қызметтер.Бұдан басқа ғимарат құрылыстары да ескеріледі, ішкі орындар мен т.б.

Капиталды салым қосалқы станцияның үлкейтілген суммалық тұтыну бағасының келтірілген анықтамасына сәйкес келесі құрамалармен анықталады:

- Тарату қондырғылардың барлық кернеулері;
- трансформаторлар ;
- компенсациялық қондырғылар және реакторлар;
- тұрақты шығын бөлігі.

Тарату қондырғыларының бөлшектерінің бағасы ажыратқыштардың, айырғыштардың, ток және кернеу трансформаторлардың, асқын кернеуді шектегіштердің, басқару аппаратуралардың, сигнализациялардың, релелік қорғаныстардың, бақылаушы кабельдердің, құрылыстық конструкциялардың және фундаменттердің, сонымен қатар сәйкес құрылыстық-монтаждық жұмыстардың бағасымен ескеру керек. Сонымен қатар қосымша сызықтық

ұяшықтар үшін қондырғылардың жоғары жиіліктік байланыстарына кететін шығындар ескеріледі. Трансформаторлардың есептік бағасына келесі шығындар кіру керек, олар шиносымға, найзағайдан қорғауға, жерлендіруге, бақылаушы кабельдерге, құрылыстық конструкциялар және құрылыстық-монтаждық жұмыстар.

Қосалқы станциялардың шығынының бөлігінің тұрақты көрсеткіштері, дайындықтың толық есептік бағасын және аумақтың жақсы жерде орналасуы, ортақ қосалқы станцияның басқару пункттері, өзіндік мұқтаждықтарға кететін қондырғы шығыны, аккумулятор батареясы, компрессорлы, подъезді және ішкі аудандық жолдар, телемеханикалар және байланыс түрлері, май шаруашылығы, су жібергіштер, канализациялар, ішкі жарықтандырулар және жалпы қосалқы станциялық элементтерді ескеру қажет.

Негізгі бөлімдегі технико-экономикалық есептеулер нәтижесі бойынша жобаны іске асыру үшін мынадай көлемде қаржы керек:

Капиталды салымның суммалық қосалқы станциялардың релелік қорғаныс қондырғыларын пайдаланудағы бағасы дипломдық жұмыстың 2 бөлімінен алынады :

$$\Sigma K = 252,9 \text{ млн. тенге} \quad (7.1)$$

Зауыттың қосалқы станциясында қуаты 16 МВА екі трансформатор орнатылған. Сонда толық қуатымыз  $S=32$  МВА болады.  $\cos \varphi=0,9$  деп аламыз. Онда:

$$P = S \cdot \cos \varphi = 32 \cdot 0,9 = 25,6 \text{ МВт} \quad (7.2)$$

Максимум қолдану сағат саны  $T_m=4800$  сағ. Осыдан:

$$W = P \cdot T_m = 25,6 \cdot 4800 = 122880 \text{ МВт} \cdot \text{сағ}$$

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады

$$Z_{\text{амп}} = K \cdot \frac{h_0}{100} \quad (7.3)$$

мұнда:  $A_{\text{амп}}$  – амортизациялық аударылымдар сомасы;

$K_{\text{нк}}$  – негізгі қорлар құны;

$h_0$  – амортизациялық аударылымдар нормасы, %.

Амортизациялық аударылымдар нормасы негізгі қорлардың нысандарының әрқайсысы үшін олардың нормативтік қызмет ету мерзімдеріне байланысты орнатылады.

$$h_0 = 100 \cdot \frac{1}{t} \quad (7.4)$$

$$h_0 = \frac{C_{\text{ныс}} - C_{\text{л}}}{t} \cdot 100 \quad (7.5)$$

мұнда:  $C_{\text{ныс}}$  – негізгі қорлар нысандарының құны;

$C_{\text{л}}$  – нысанның ликвидациялық құны, өндірісте шығарылып тасталатын нысанды толығымен немесе бөлшектеп (материалдарын, бөлшектерін) сатудан түскен қаржы.

Негізгі қорлардың нысанның амортизацияланып бітпеген бөлігінің құны тозу мен моралдық тозу салдарынан нысан нормативтік мерзімнен ерте істен шығарылып тасталған кезде пайда болады. Ликвидациялық құн өндірістен шығарылатын нысанның, оны сатып жібергеннен түскен қаржыны білдіреді.

Өндірістің тиімділігі негізгі қорлардың ғылыми-техникалық деңгейіне байланысты ғана емес, сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкестігі және оларды өндірістік үрдісте толық қуатында пайдалануына да байланысты болады

Кәсіпорынның кейбір негізгі қорларына амортизациялық аударылымдар нормасы келтірілді (1 Кесте).

#### 7.1 кесте – Амортизациялық аударылымдардың орташа нормалары

Негізгі қорлар топтары	Толық қалпына келтіру үшін қажетті амортизациялық аударылымдар нормасы, %
Өндірістік ғимарат	2,0
Электр тасымалдаушы 35-220 кВ әуе желілері: металдық, темір бетонды бағанадағы	2,0
ағаш бағанадағы	3,3
Күштік электрлік-техникалық жабдық және таратушы құрылғылар: ашық және жабық түрдегі таратқыш құрылғылардың жабдықтары, өлшеуіш трансформаторлар, таратушы шиналар, түрлендіргіштер, майлы ажыратқыштар	4,4
Трансформаторлы қосалқы стансалардың жабдықтары	6,6
Электр қозғалтқыштар мен дизельгенераторлары	6,6
Қозғалмалы электр станциялардың электр генераторлары	12,5

Эксплуатациялық шығындарды анықтайық. Амортизация жұмыстарына кеткен шығындарды есептейік. Ол барлық шығынның 45% құрайды:

$$Z_{амр} = K \cdot \frac{h_0}{100} = \frac{252,9млн. \cdot 4,4}{100} = 11,13млн.тенге \square$$

мұндағы  $h_0 = 4,4$  (6.1 кесте) Амортизациялық аударылымдардың орташа нормасы

Материалдық шығындар құрамында шикізат пен материалдар маңызды орын алады. Шикізат және материалдар бабына ағымдағы қызмет көрсету мен жабдықты жөндеуге байланысты қосымша және көмекші материалдар кіреді. Оларға қажеттілікті қызмет көрсету нысанына қажетті шығын нормасы бойынша жүзеге асады

Өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтерге байланысты шығындар бабына өндірістік нысандарды мердігерлік тәсілмен күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу шығындары, басқа кәсіпорындардың транспорттық қызмет көрсету шығындары, іске қосу жұмыстарының шығындары кіреді.

Өндірістік мақсаттағы электр энергиясына кететін шығындар өндірістік алаңдарды жарықтандыру және энергетикалық жабдықтардың жұмысы үшін қажетті энергиядан келіп шығады. Отын шығыны кәсіпорынның транспорттық көліктеріне және жабдықтардың кейбір түріне қажетті жанар-жағар май материалдары сұранысына байланысты анықталады.

Еңбек ақы шығындарының құрамына кіретіндер: толықтырмалық және ынталандырмалық төлемдермен төленетін тарифтік еңбек ақы;жұмыскерлерге тегін жартылай төленетін тұрмыстық қызмет көрсету шығындары, жеке басына берілген арнайы жұмыс киімдері, транспорттық шығындар;жөс өспірімдерге қысқартылған жұмыс күні үшін, баласын емізетін аналар, оқуда жүрген жұмыскерлердің демалысына, уақытша біліктілігін көтеріп жүрген мамандарға төленетін төлемдер;штаттық қысқару бойынша жұмыстан шыққандарға немесе кәсіпорынды қайта ұйымдастыру нәтижесінде төленетін төлемдер;аз төленетін жұмысты уақытша орындағаны үшін төлем, жұмыскердің уақытша еңбекке қабілеттілігін жоғалтуға байланысы заңға сәйкес қосымша төлем;заңға сәйкес басқа да төлемдер.

Амортизациялық аударылымдар жоғарғы қаралған бөлімде негізгі қорлардың барлығынан амортизациялық аударылымдар жүргізіледі.

Басқа да қалған шығындар тобына өнімнің өзіндік құнына кіретін салықтар, банк несиелері бойынша пайыздар, бюджеттік емес қорларға аударылымдар, байланыс қызметіне төлемдер және басқа да шығындар жатады.

Шығынның қалған 55% табамыз:

$$Z_{дон} = Z_{амр} \cdot \frac{55}{45} = \frac{11,13млн. \cdot 55}{45} = 13,61млн.тенге$$

Толық шығын:

$$Z_{\text{тол}} = Z_{\text{амр}} + Z_{\text{дон}} = 11,13 + 13,61 = 24,74 \text{ млн.тенге}$$

Осыдан өзіндік құнды табуға болады:

$$S = \frac{Z_{\text{тол}}}{W} = \frac{24,74}{122,9} = 0,21 \frac{\text{тенге}}{\text{кВт} \cdot \text{сағ}} \quad (7.6)$$

Қорытынды тариф электр энергия транзиті қосалқы станция арқылы 10% кірісті ескерген кезде мына формуламен анықталады:

$$C_{\text{ПС}} = (S_{\text{ПС}} + 0,1S_{\text{ПС}}) = 1,1S_{\text{ПС}} = 1,1 \cdot 0,21 = 0,231 \text{ тенге/кВт} \cdot \text{сағ} . \quad (7.7)$$

Жылдық кірісті анықтаймыз қосалқы станция арқылы транзиттік кірістік налогты 20% құрайды деп аламыз:

$$\sum \Pi_{\text{тр}} = W_{\text{жыл}} \cdot 0,1 \cdot S_{\text{ПС}} \cdot 0,8 = 122,9 \text{ млн.} \cdot 0,1 \cdot 0,21 \cdot 0,8 = 2,16 \text{ млн.тенге};$$

Алматы облысындағы электр энергиясы 2014 жылдың сәуір айындағы тарифіне сәйкес кВт/сағатына 16,21 теңге құрайды. Қосалқы станцияның баға түрлену механизімін қарастырайық және оның құрамалары:

- электр энергияны сатып алу(8,5 теңге кВт/сағ);
- КЕГОК тарифі (1,4 теңге кВт/сағ);
- «Энерго жүйе» тарифі (5,0 теңге кВт/сағ);
- ЖШС «АЛМА» жеке тарифі (0,231 теңге кВт/сағ).

Онда қосалқы станцияның электр энергиясының өзіндік құны 15,2 теңге кВт/сағ құрайды. Электр энергияны тұтынушыларға 16,21 теңге кВт/сағ бағасымен сатқан кезде, онда ЖШС-ға 1 теңге кВт/сағ көлемінде кіріс алады.

Кіріс налогын есептеген кездегі берілген түрдегі жылдық кіріс мынаны құрайды:

$$\sum \Pi_{\text{кн}} = W_{\text{жыл}} \cdot 1 \cdot 0,8 = 122,9 \cdot 1 \cdot 0,8 = 98,32 \text{ млн.тенге};$$

Өнеркәсіптің екі түрінен де алынған суммалық кірісі мынаны құрайды:

$$\sum \Pi = \sum \Pi_{\text{кн}} + \sum \Pi_{\text{тр}} = 98,32 + 2,16 = 100,48 \text{ млн. тенге.}$$

### **7.3. Финансты-экономикалық тиімділіктің инвестициялық көрсеткіштері**

NPV анықтау(таза әдеттегі құн)

Берілген әдіс келесіден тұрады:

1. Керекті шығын бағасы анықталады, яғни берілген жоба үшін неше қаражат керек екені анықталады.



2. Жобадан келешекте түсетін ақшалай түсілімдердің қазіргі бағасы есептелінеді. Әр жылдағы табыс CF(кеш-флоу) қазіргі уақытта беріледі.

$$PV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n},$$

мұнда: CF – жыл сайынғы ақшалай түсім; n – жобаны тарату жылдары;  
r – банктің пайыздық қойымы.

3. Берілген шығын бағасы ( $I_0$ ) берілген табыс бағасымен салыстырылынады. Олардың айырымы жобаның таза әдеттегі құнның бағасын береді.

1) Кез-келген өнеркәсіп өз құндылығының өсуіне ұмтылады;

2) Әр түрлі уақыттағы шығындардың бір келкі емес құндылығы болады;

NPV анықтау үшін жобаның әр жылдағы қаржы ағынының шамасын сараптау керек, сосын оларды уақыт бойынша теңестіру үшін жалпы бөлімге келтіру керек. Яғни V – бұл жобаны тарату барысында туындайтын ақша түсімдерінің қосындысы осы жобаны тарату үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы арасындағы айырмашылық.

Таза келтірілген құн былай анықталады:

$$NPV = \sum_1^n \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \quad (7.9)$$

мұнда: CF – жыл сайынғы ақшалай түсім; n – жобаны тарату жылдары;  
 $I_0$  – толық қосынды инвестиция; r – банктің пайыздық қойымы.

7.2 кесте – Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

жылдар	CF, млн.теңге	r (16%)	PV млн.теңге	NPVмлн.теңге
0	-252,9	0,91	-252,9	-252,9
1	100,48	0,82	91,44	-161,46
2	100,48	0,73	82,39	-79,07
3	100,48	0,64	73,35	-5,72
4	100,48	0,55	64,31	58,59

PP анықтау (орнын толтыру мерзімі)

Егер кіріс бірдей таратылса, онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына болумен есептеледі.

$$PP = \frac{I_0}{CF} \quad (7.10)$$

$$PP^1 = \frac{I_0}{CF} = \frac{252,9}{100,48} = 2,52 \approx 3 \text{ жыл}$$

Қорыта айтқанда, трансформатор жасау зауытының сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасын салу экономикалық тиімді жоба болып табылады.

## 8. Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бөлімі

### 8.1 Зауытта еңбек қорғау бойынша ұйымдастыру және техникалық шараларға талдау жасау

Дизель-құрылыстық зауыты заңды жүйелермен, әлеуметті-экономикалық, техникалық, гигиеналық және ұйымдық шаралармен өзара байланысты болып саналады. Өндірісте жұмыстың сапасын және еңбектің өнімділігін арттыру үшін жұмысшыларды өндірістен бөлініп шығатын зиянды заттардан және кездейсоқ жағдайлардан сақтап қалып жұмыс жасауға сәйкес жағдай жасап береді.

Еңбек қорғау өзімен бірге заңды еңбектерді, қауіпсіздік техникаларды, санитарлы-гигиеналық шараларды, өртке қарсы қорғаныстарды қарастырады.

Құрылыстық орындарында әдетінше жұмыс шаралары және процесс жағдайлары өзгеріп отыруымен бірге жұмыс өндіретін орындарда техникалық қауіпсіздікті қадағалау оңайға соқпайды.

Сәтті шешімдерді шығару үшін жоғары сападағы жоба шешімдері, техникалық картасы және өндірістік жұмыстарда жобалар әзірлейтін талаптар қажет етіледі.

Сонымен қатар техникалық қауіпсіздікке сай келетін сапалы материалдар, өнімдер, құрылыстық машиналар және механизмдермен бірге тиімді сигнал беруші заттар қамтамасыз етілу керек.

Нормаға және құрылыстық ережелерге сәйкес белгілі қондырылған уақыт аралығында инструктаж, зерттеулер және жұмысшылардың, техникалық персоналдардың білімдеріне тексеріс жүргізілуі керек.

Арматурлы цехта, яғни, қауіпті пісіргіш станоктар орналасқан қауіпті және зиянды жерлерде жұмыс жасайтындарға жеке қорғайтын заттар, қауіпті жағдайлар алдын-ала сақтанатын ескерту қағаздарын – айналадағы зияды заттардан қорғайтын арнайы киімдер берілу керек. Әр цех өзіне қатысты қауіпі болғандықтан әркім қорғанысқа берілген заттар туралы хабардар болуы керек. Сол себепті штампалау цехына тек арнайы дайындалған адамдар кіреді. Техникалық қауіпсіздікті әр-адам жақсы меңгеру алу мақсатында әр-цехтың алдына ескертептер шығарылады. Жақсы нәтиже алу үшін травма туралы ескертуді жұмыс орындарға жақын орналастырады.

Механикалық цехта және жинақтау цехында жұмысшыларға санитарлы-гигиеналық, адамның организміне және денсаулығына жағдай жасау үшін санитарлы-гигиеналық шаралар атқарылады.

Осындай шараларға жұмыс орындарында жеткілікті ашық орындар, жарықтықтар, вибрацияның және шудың зиянды әсерлерінен сақтайтын бөлімдер кіреді.

Әсіресе арматурлы цехқа өрт қауіпсіздік қорғаныс шаралары ескерті бабында, ғимараттың өрт қарсы төзімділігі, өндіріс процесстерінде өрт

қауіпсіздігін азайту бабында көп қарастырады. Себебі осы цехт басқа орындарға қарағанда өртке қарсы тұралмауы ықтималдығы бар.

Дизель-құрылыстық зауытында еңбек қорғау бойынша үлкен жұмысты жасауға білікті мамандар таңдалынады.

Қоғамдық инспектор жұмыс уақытында заңды еңбектер, демалыс уақыттар, ережелер, нормалар және техникалық қорғау жұмыстары ескереді.

Штамптау цехі басқа цехтан алшақ орналасқандықтан біраз жағымсыз нюанстары бар. Себебі дизель-құрылыстық зауыт территориясында шу көздерін туғызатын негізі орын болып табылады.

Жұмыс орынында негізгі шу шығаратындар - табан және сермер. Жылжымалы буындалу пресстің қосқан кезде жұмыс орында шу шығуына себептердің бірі.

Сондықтан штамптау цехында шумен күресудегі радикалды шешім - прессте туындайтын шуды азайту. Жұмыс кезінде шуды азайту үшін қазір арнайы АБ-4116 автоматын пайдалынады.

Пресс автоматтық режим кезіндешудың пайда болуын тоқтатады. Шудың азайтудың басқа әдісі -қосылу жатықтығы жүйесімен қамтамасыздандыру. Оны механикалық муфтаны фрикциондық, пневматикалық пресске жүзеге асыруға болады.

Арматурлы цехта механикалық арматурлар дайындау( тазалау, түзету, кесу, майыстыру) арнайы станокта және машинада бөлек орналасқан жерде жүзеге асырады. Барлық механизмдер және машиналар берік орындарға бекітіліп тұру керек. Механикалық қозғалмалы бөлікті механикалық жарықтаннудан қорғап және қоршап қойған дұрыс. Пісіру өндірісіне тек арнайы рұқсат қағаздармен квалификациялық жұмысшылар қабылданады.

Құрастыратын цехта генератордың маңызды бөліктерін жинау бабында бірнеше жекеленген аумақтардан тұрады.

Осы көптеген жұмыстар көпірлі кран арқылы жүзеге асатындықтан генертар құрастырғыш барлық техника қорғаныстарды қадағалау маңызды шаруа болып саналады.

Генератордың жинақталатын және түйінді бөліктері бір-бірінен жеткілік бос аралықта орналастырылған болуы керек. Жұмыс орны бөгет заттар бөдек жат жерде орналасқан болуы керек. Сол орындарда қолданылатын ауыспалы электрлік лампаның кернеуі 12 В. Себебі жұмыс орындарында кернеуі 120 - 220 В электр лампаларын қолдану өте қауіпті. Цехтарға немесе цехтардың арасында трансформаторларды тасымалдау жүрген кездерінде жүктің қасында болуға және жұмыс жасауға қатаң тыйым салынады. Кранның сигналын естіген сәтте қауіпсіз орынға алшақ орналасып тұрған дұрыс болып саналады.

Көтеру-көлік жабдықтары дұрыс қалыпта болуы тиіс және тікелей мақсатта қолданылуы керек. Мұндай жабдықтармен жұмыс жасау үшін арнайы даярлығы бар және нұсқамадан өткен тұлғалар жіберіледі.

Жұмыс кезінде құралдарды көлік астын қарайтын ордың шетінде, етегінде, автокөліктің капоты мен қанаттарында тастауға болмайды. Көлікті жинау жұмыстарында тесік тұстарда жалғанатын бөлшектердің сәйкестігін

қолмен тексеруге болмайды, бұл үшін арнайы сүйсендер мен монтаж ілмектерін пайдалану керек.

Түйіндер мен агрегаттарды бөлшектеу және жинау шаралары барысында арнайы түсіру құралдарын және кілттерін пайдалану қажет. Ауыр түсірілетін гайкаларды әуелі керосинмен сүртіп, кейіннен кілтпен бұрап түсіру керек. Гайкаларды кескіш құралдармен және балғамен түсіруге болмайды.

Жұмыс орындарының арасын детальдармен және түйіндермен тосқауылдап тастауға тыйым салынады, сонымен қатар көлікті бөлшектеу орындарында детальдарды үйіп-төгіп тастауға болмайды.

Пружиналарды түсіру және қондыру шаралары аса мұқияттылықты талап етеді, себебі пружиналардың бойында айтарлықтай күш жинақталып тұрады.

Мұндай шараларды қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ететін стенділерде немесе арнайы құралдармен атқару қажет.

Гидравликалық және пневматикалық құрылғылар сақтандыру және қайта жіберу қақпақтарымен жабдықталуы тиіс. Жұмыс құралдарын ұқыпты ұстау керек.

Жұмысшылар автокөлікті техникалық жөндейтін үй-жайлар көлік астын қарау каминдерімен, сақтандыру ребордтары бар эстакадалармен немесе көтеру жабдықтарымен жабдықталуы тиіс.

Құйылу-сорып шығару вентиляциясы шығып жатқан буды, газдар мен таза ауа лебін өткізіп отыруы керек. Жұмыс орындарын табиғи және жасанды жарықтандыру шарасы қауіпсіз жұмыс жасауға толығымен ықпал етуі тиіс.

Кәсіпорын аумағында санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар – гардероб, шомылу, жуыну (этилді бензинмен жұмыс жасайтындар ыссы сумен жабдықталуы керек) орындарының болуы шарт.

## **8.2 Қорғаныс ажырату құрылғысын таңдау және есебі**

Қорғаныс ажырату құрылғысы - құрылыстық бірлестіктердің және жеке пайдаланушылардың арасында ең талап етілетін құрылғылардың бірі.

Қорғаныс ажырату құрылғысы(УЗО) немесе дифференциалды қорғаныс құрылғысы электр жабдықтардың істен шыққан кезінде адамдарды электр тогынан қорғап қалу үшін және электрқондырғылардың кернеулі бөлігіне жанасқан кезде қорғап қалу үшін пайдаланады. Ол әдеттегі тек шамадан тыс шығатынға немесе қысқа тұйықталуға назар аударатын автоматтық сөндіргіштен жат атқарым қызметі.

Белгілі бір уақытта адам денесі ток отіп жатқан бөлікпен жанасқан кезде дененің белгілі бір бөліктерінен ток өтеді. Сол кезде фаздық кернеудің шамасы, проводтың қосындысы(220 В) жерлендіру мен адам денесінің кедергідерін ескереді( $I_{\text{чел}} = U_{\text{ф}} / (R_{\text{пр}} + R_{\text{з}} + R_{\text{чел}})$ ). Бұл жағдайда жерлендіру мен сымның кедергілерін адамның кедергісінен өзгеше болуын ескеру керек, яғни аз болуын қадағалау керек. Адамның кедергісін шамамен 1000 Ом деп

қарастырсақ болады. Осыларды ескерумен сәйкес 0,22 А немесе 220 мА ток шамасы берілген.

Еңбек қорғау бойынша нормативтік-анықтама әдебиетінде және техникалық қауіпсіздікте белгілі нәрсе, ол минималды ток 5 мА адам организімінен өткен кездегі сезілетін шама. Келесі қарастыратын шама ол жібермейтін ток 10 мА-ге тең.

Ендеше өз уақытында атқаратын автомат 500 мА-ден аз кездерде объектіні өрттен қорғайды, ал 10 мА-ден аз көрсеткіштерде адамды ток өтіп жатқан бөлікпен жанасқан кезден кейінгі қиыншылықтардан қорғайды.

Тағыда белгілі нәрсе, егер адам 200 В кернеу үстінде тұрған ток өткізетін бір бөлікпен 0,17 с қауіпсіз жанасуға мүмкіндік болады, ал 380 кернеу үстінде қауіпсіз жанасу 0,08 с-ке дейін қысқарады.

Бірақ бір ескертетін мәселе, көбінесе кішігірім көрсететін ток мәндерін қысқа уақыттың ішінде сезіп, яғни уақытында сөндіруге көп қорғаныс құрылғыларының мүмкіншіліктері жоқ.

Сондықтан сол себепті ферромагнитті 3 орамды өзекпен «ток өткізгіш», «ток айналып өту», «бағдарлаушы» секілді техникалық шешімдерді ойлап тауып іске асырып жатыр.

Өзекте пайда болатын ағын электрқабылдағыштық күшті орама басқармасына жібереді. Басқарушы пайда болатын ЭДС-тың әсерінен желідегі фазаларды және нөлді реле ажыратады.

Қазіргі уақытта СНГ бойынша қорғаныс ажырату құрылғылары үш фазалы және бір фазалы деп бөлінумен қатар, тағды сол типтердегі құрылғыларды пайдаланады. Олар электрмеханикалық( желіге мұқтаж емес), электронды(желіге мұқтаж). Осы екеуінің көп кездесетіні электрмеханикалық қорғаныс ажырату құрылғысы болып табылады.

Негізгі бөліктерін атап өтсе болады. Бастапқы бірінші бөлімін нөлдік ток тізбек трансформаторы деп осылай аталады. Оның мақсаты ТУ-ды анықтап екінші орамға жеткізу. Екінші бөлімін электрмагниттік сезімтал элементі деп осылай аталады (табалдырық элемент рөлін атқарады, яғни іске асқан кезде сырттын көмегінсіз бастап орынға келмейді, ілгешек). Үшінші бөлімі реле. Ол ілгешек іске асқан кезде ажырату жағдайын қамтамасыз етеді.

Электронды УЗО құрылыстық орындарда өте көп кездеседі, себебі электрмеханикалық УЗО-ға қарағанда 10 есе арзан. Бірақ бұл типтегі құрылғылар уақытан ажыртады немесе адам жанасқан кезде қорғайды деуге 100 пайыздық кепілдік берілмейді. Бұның тек арзан және оңай себепті кішігір орындарда ескеріледі.

УЗО таңдар алдында бірнеше маңызды орындарды ескеру керек.

Ең алдымен УЗО пайдаланатын кезде электржелісінің қандай типті екенін анықтайды, 220В кернеуіндегі бір фазалы болса 2 полюсті УЗО, ал 380В кернеуіндегі 3 фазалы болса 4 полюсті УЗО пайдаланады.

УЗО-ның негізгі көрсеткіші - қырман жылыстауы (ТУ). Алдымен, УЗО таңдар алдында электрқондырғыдағы ТУ-дың мәнін есептеу керек. ТУ-ды есептеген кезде электрқондырғыдағы ПУЭ (п. 7.1.83) белгілейді:

электрқабылдағыштағы ТУ-ды 0,4 мА 1 А ток жүктемесіне, ал ТУ 10 мА мәнін 1 м өткізгіштегі фаза ұзындығына ескереді.

Электрқондырғыдағы ТУ есептеу

электрқабылдағыштағы ТУ

$$I_{\Delta\text{ЭП}}=0,4I_{\text{расч}}$$

электржелісіндегі ТУ

$$I_{\Delta\text{сети}}=0,01L_{\text{провода}}$$

электрқондырғының ТУ есептеу

$$I_{\Delta} = I_{\Delta\text{ЭП}} + I_{\Delta\text{сети}} = 0,4I_{\text{расч}} + 0,01L_{\text{провода}}$$

бұл  $I_{\Delta\text{ЭП}}$  - электрқондырғының ТУ, мА;

$I_{\Delta\text{сети}}$  - желінің ТУ, мА;

$I_{\text{расч}}$  - желідегі ток жүктемесінің есептік мәні, А;

$L_{\text{провода}}$  - өткізгіштің фаза ұзындығы, м.

Сосын ПУЭ (7 басылым, п. 7.1.83) талабына сәйкес "Желідегі ТУ қосындысы стационарлы және қозғалмалы электрқондырғылардың қалыпты режимі кезінде номиналды ажырату дифференциал тогынан 1/3 аспау керек." Анығырақ айтсақ УЗО-ның номиналды ажырату дифференциал тогы электрқондырғылардағы  $I_{\Delta}$  қорғаныс желісіндегі ТУ қосындысынан 3 есе артық болу керек.

$$I_{\Delta\text{н}} \geq 3I_{\Delta}$$

Сонымен қатар " УЗО-ның техникалық мәліметтер " бөлімін ескерсек, ол тіпті  $0,5 I_{\Delta\text{н}}$  мәнде де іске аса береді.

Құрылғыны таңдар алдында маңызды жерлерді ескеру керек:

- Ылғалды топтар, егер оларға бөлек линия бөлінген болса (бойлерге бөлек линия, кір жуатын машина және т.б.) 10 мА іске асу тогымен УЗО қондыру керек.

- Қалған жағдайларда 30 мА ТУ-мен УЗО қойылады ( мысалы, бір линияда бірнеше бөлмені бірге пайдалану)

- жекеленген ғимараттарда біріккен линияда қорғаныс үшін 30 мА ТУ-мен уставкамен УЗО қойылады, себебі уставканың мәні неғұрлым аз болса жалған іскеу асу мүмкіндігі бар.

Егер есеп жүргізген кезде бедер ТУ қосындысы аса жоғары болса, желі тым ажыратылып және жалпы үлкен ұзындығы болса, ендеше желіге көп мөлшерде электрқұрылғылар жалғанған. Сонымен қатар, егер электрқауіпсіздігіне сәйкес үлкен жарамайтын уставкамен УЗО таңдаған кезде ( мысалы,  $I_{\Delta\text{н}} = 30\text{мА}$  мен УЗО жеткіліксіз, ал  $I_{\Delta\text{н}} = 100\text{ мА}$  мен УЗО адамды электр тогынан сақтамайды). Мұндай жағдайда желіні екіге немесе бірнеше топқа бөліп УЗО-ны әрқайсысына қондыруды ұсынылады.

Енгізілетін аналогты УЗО үшін.

Электрқондырғыдағы ТУ есептеп және талапқа сәйкес енгізілетін УЗО уставкасын таңдаймыз.

$$I_{\Delta n} \geq 3I_{\Delta}$$

Мұнымен қатар аса үлкен емес ғимараттарда кішігірм тармақтағы желілеулерде бір ортақ қылып 30 мА қондыруға болады, егер есептің мәнге сәйкес келсе.

№2 механикалық цехтың жарықтануын қарастырсақ болады.  
автомат ВММ-10, қуаты 3000 Вт

8.1 кесте - кабель 3x70 мм<sup>2</sup>, ұзындығы 55 м.

Электрқаб ылдағышт ың аты	Есеп тік ток А	Фаза өткізгішінің ұзындығы м	Электрқаб ылдағыш ың ТУ мА	Желінің ТУ мА	Ток қосын дысы	УЗО уставка сының мәні мА
Элетр станок	7,89	55	3,16	0,55	6,01	18,03

электрқабылдағыштағы ТУ

$$I_{\Delta \text{эп}} = 0,4 \cdot \frac{3000}{380} = 3,16 \text{ мА}$$

электржелісіндегі ТУ

$$I_{\Delta \text{сети}} = 0,01 \cdot 55 = 0,55 \text{ мА}$$

электрқондырғының ТУ есептеу

$$I_{\Delta} = I_{\Delta \text{эп}} + I_{\Delta \text{сети}} = 0,4 \cdot \frac{3000}{380} + 0,01 \cdot 55 = 3,71 \text{ мА}$$

Сонда УЗО-ның дифференциалдық тогының минималды мәні тең:

$$I_{\Delta n} > 3 \cdot 6,01 = 11,13 \text{ мА}$$

### 8.3 Зауыт территориясындағы прожекторлық жарықтануға есеп жүргізу

Прожектор жарықну есебінің өзгешелігі және негізгі оның өзгешеліктері: ол прожектордың қисық қондырғысымен және олардың жарық тарату мінездемесі және т.б. анықталады.

Прожектор ол жарықтандыруға немесе көмескі жарық қылуға пайдалынатын жоғары жарық шашуы бар жоғары техникалық құрал. Бұл жарық құралына максималды толық жарықты алу үшін мықты лампалар пайдалынады. Прожекторың ықшамдығы, иілгіштігі, конструкторлық өзгешіліктері сыртта және іште де қолдануға мүмкіндік береді. Прожекторлар

пайдалынатын орындарына байланысты әр түрлі жарық көздерімен қамтамасыз етіледі. Лампалар ішінде өндірістік орындарда, яғни 1 категориялы дизель құрылыстық зауыттарында ең көп таратылатындары, олар: ұзақ жұмыс қалпында болатын және жарық шығару үлкен коэффициенті бар метал-галогенді лампалары. Жарық жай келген сарылау жарық шығартын прожекторға натрий газ-разрядты лампалар көбінше қолданыста кездеседі.

Прожекторлар негізінен айнымалы тоқта бастапқы кернеуі 220 В және жиілігі 50 Гц желісінде жұмыс істеуге есептелген.

Үлкен территорияларда әсіресе түнгі уақыттарда дұрыс жарық қылу мачталар қолданылады. Сонымен қатар мачталарды ғимараттарға жақын орналыстырғанда оларды найзағайдан қорғаныс ретінде іске асырып, қолданысқа пайдалансы болады.

Сыртқы жарықтануға қолднылатын прожекторлар көбінше коррозияға төзімді болып келу керек. Жарық қылу конструкторлық өзгешіліктері жарық бағытын өзгертетіндей жағдай жасап беретіндей болуы керек. Көп жағдайларға сәйкес галогендік прожекторлар бағытты және қиылыс бұрыштарға өзгертіліп орналасуына жақсы мүмкіншілігі бар. Тіпті кейбір құралдарда шағылысты ескеріп өзгертетіндіктен функцияналды мүмкіншіліктерді арттырады.

Метал-галогенді прожектор – үлкен жарық, жақсы жарық тарату. Мықты қуатты жарық жинай білгендіктен метал-галогенді прожекторлар бірнеше тапсырмаларды, яғни жарықтандыруды мүмкін қылады.

Прожектор өндірісінде құралдары жан жақты болғандықтан және техникалық тапсырмалар көп болғандықтан әрқайсысын бөлек қарастырады.

Металды галогенді прожекторы ылғалдан және шаңнан сақтанатын алюменнен жасалға мықты корпустаң тұрады. Арнайы камерада арнайы краскіленген прожекторлар антикоррияда жақсы көрсеткіш көрсетеді.

Оның нық әйнегі, мықты прокладкасы және кремний-органикалық резеңкесі жарық көздерін пайдалану сәтінде жоғары қорғаныс көрсетеді. Бөгет нәрселерді шағылыстара алатын прожектордың ішінде орналасқан құрал, жарықтың тұманданбай анық түсуіне септігін көрсетеді.

Металды галогенді лампалардың экономды және өндірістері жақсы көрсеткіш көрсетеді. Себебі олар дұрыс эксплуатациядағы әр-түрлі қуаттағы лампалар суық және жылы мезгілдерге қарамастан ұзақ жұмысқа жарамды қасиетті көрсете біледі. Ықшамды және қуатты ампалар монтаждығымен және галогенді дұрыс қолданысқа ие болуымен ерекшелінеді.

Галогенді прожекторлар металды галогенді прожекторға қарағанда толық жарық көзіне сәйкес жарық техникалық және энергия қорын сақтайтын мінездемелермен ерекшелінеді.

Бұл категориядағы прожектордың ең бастапқы мүмкіншілігі ол ашық және анық түстегі көгілдір спектр тудыра алатын мүмкіншілігімен көп орындарда, яғни архитекторлық ықшам орындарында, ескеркіш орындарында, үлкен алаңдарында және сауда орындарында жарықтануға осы проекторлар ерекшелінеді. Үнемділі жағынан қарайтын болсақ электрэнергиясы және



лампардың, құралдардың бағасы салыстырмалы түрде жақсы сұранысты көрсетеді. Бірінші классты жарық техникалық құралы, яғни галогенді прожекторы қуатты реттеу мүмкіншілігі ерекше атап өтсе болады.

Галогенді прожекторлар жақсы көрсеткіштер көрсете алатын мүмкіншілігімен көп орындарда, яғни архитекторлық ықшам орындарында, ескеркіш орындарында, үлкен алаңдарында және сауда орындарында жарықтануға осы прожекторлар ерекшелінеді.

Натрий лампасымен орналасқан натрий прожекторы энергия қорын жинайтын орындарда және ұзақ уақыт жұмысқа жарамдығымен(28 000 сағатқа дейін) қолданысқа алдағы орындарда кездеседі.

Натрий лампасымен орналатылған прожекторлар әдетінше жарықтанудың және жарық көлеңкенің жарықтың дәл таратуы ескерілмейтін жерлерде көп кездеседі,

Натрий лампасымен орналасқан прожекторлар тудыратын сарылау жұмсақ жарығы архитекторлық ықшам орындарында, үлкен алаңдарында жарықтандыруға көптеп кездеседі. Бұл прожектор классы осылармен бірге әдетінше өндірістік ғимараттың ішінде және қорғаныстық орындарда кездеседі.

Прожекторлық жарықтануға биіктігі 10 нан бастап 50 м ге дейінгі мачталар қолданылады. Олар ағаштан, металдан, темір бетоннан жасайды. Мачталарды қондыру әдісіне байланысты оларды стационарлы және жылжымалы деп 2 категорияға бөліп қарастырады.

Ережелерге сәйкес үлкен ғимараттарда мачтаға прожекторлар бір немесе бірнеше болып орналасқанға қарағанда біршама саны қондырылады.

Мачтасы орналасуы әдетінше есептік мәндермен анықталады. Көбінесе ара-қашықтық кездесетіні 6 мен 15-тің арасы болып табылады.

Мачтасы орналасуы орнын таңдаған кезде оның жарық дұрыс түсуіне бөгет болатын көрші ғимараттар және осьтік бағытын ескереді. Әдетінше барлығымыз көріп жүргеніміздей үлкен алаңдарда, яғни спорт алаңдарында көбінше 4 шеткі бұрыштарға мачталарды орналастырады.

Негізінен ені 200 м-ге дейінгі үлкен алаңдарда әдетінше биіктігі 10 м мачталар қолданылады. Ал өзімнің территориямды ескере отырып (346 м) биіктігі 14 м мачталар қолдануды жөн көрдім.

Тік бұрышты орналасқан мачталардың минималды жарықтану нүктесі тік центрде тегіс жазықтықтағы диагональ қиылысында орналасады. Сол аймақта жарықтану 4 мачтада орналасқан прожекторлар арқылы жарықтандырады, яғни  $E=4e$ , ол жерде  $e$  – жарықтану, лк, прожектордың есептік нүктесі әр мачтада орналасқан. Сол себепті нормаланған жарықтық туғызу үшін прожекторлар бір-бірінен бірдей ара-қашықтықта орналасуы керек.

Прожектордың алаңда тегіс жерде бұрыштық еңкейуін ескеруі үшін, мына формуламен анықтаймыз

$$\theta = \arcsin\left(0,01\sqrt{m+n(eH^2)^{2/3}}\right); \quad (8.1)$$

$$\Theta = \arcsin(0.01 \sqrt{365 + 16.9(75^2)^{2/3}}) = 23^\circ (2.1)$$

Бұл жерде  $eH$  – жарықтану жазықтығынан орналасқан прожектор биіктігі,  $m$ ,  $n$  – прожектордың горизонтальды және вертикалды жазықтықтағы бұрышты тұрақты, мұқтаж мәндері

### 8.1 кесте - Прожектор типтері

Прожектор типі	Лампадағы қуаты, Вт және кернеуі, В	Коэффициенттердің мәні	
		$m$	$n$
ПЗС-35	500-220	365	16,9
	500-127	193	14,8
ПЗС-45	1000-220	467	10,9
	1000-127	303	9,2

### 8.2 кесте - Прожектор мәндері

Прожектор мәні	$eH$ мәні				
	Прожектордың көлбеу бұрышы				
	8	10	12	18	24
ПЗС-35	75-120	120-190	190-300	400-680	900-1400
	90-150	150-230	230-320	500-900	1100-1700
ПЗС-45	150-200	200-280	280-430	600-1000	1800-3000
	150-230	230-280	280-450	750-1400	1800-3000

Прожектордың санын және қондыру қуатын анықтау үшін қысқартылған жарық ағыны және қуат әдісімен есептеледі.

Прожектордың санын жарық ағыны әдісімен есептеу үшін мына формуламен анықтайды

$$n = E_n K_z A_{oc} / \Phi_{л} \eta u z; = \frac{2 \cdot 1 \cdot 202064}{22240 \cdot 0.8 \cdot 0.3 \cdot 1.456} = 52$$

бұл жерде  $A_{oc}$  – жарықтандыру аймағы,  $m^2$ ;  $\eta$  - прожектор КПД, отн. ед.;  $u$  – прожектордың жарық ағын пайдалануының коэффициенті;  $z$  – бір қалыпты емес жарық тарату коэффициенті  $E_{мин}/E_{ср}$ ,  $\eta = 80 \%$ ,  $u=500$ ,  $E_n = 2$

## Қорытынды

Бұл дипломдық жұмыс дизель-құрылыстық зауытын электрмен жабдықтау болып табылады. Жұмыста келесі негізгі нәтижелер алынды.

Дипломдық жұмысына берілген мәліметтер бойынша зауыттың 0,4 кВ кернеудегі барлық жүктемелері есептелді:  $S_p=12208,07$  кВА. 8xТМЗ – 1600 – 10/0,4 типті цехтік трансформаторлар таңдалды. 0,4 кВ кернеуде 4xУКМ – 0,38 – 350 төменгі кернеулі конденсаторлар батареялері көмегімен реактивті қуат компенсациясы жасалды.

Зауыт бойынша 10 кВ кернеудегі БТҚС шинасының СК, БТҚС мен пештік трансформатор шығындарын есепке ала отырып жүктемесі анықталды:  $S_{p.зав}=20459,58$  кВА.

10 кВ шинада реактивті қуатқа компенсация жасалынды. Әр секцияға реактивті қуаты 2700 квар болатын УКРЛ(П) – 10,5 – 450 типті 2 батарея конденсаторлары таңдалынды. Доғалы болат балқытқыш пешке жеке компенсация жасалынды, яғни 2250 квар болатын УКРЛ(П)57 – 10,5 типті 4 батарея конденсаторлары таңдалынды.

Дипломдық жұмысында сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасының екі нұсқасы қарастырылған. Солардың ішінен ең экономикалық және техникалық жағынан рационалды электрмен жабдықтау жүйесінің 110 кВ нұсқасы таңдалды. Осы нұсқаға сәйкес жоғары кернеулі қондырғылар: кіріс ажыратқыштары, секционды ажыратқыш, айырғыштар, жүктеме ажыратқыштары, тармақты линиялардың ажыратқыштары, СК ажыратқыштары, және де олардың кабелдері таңдалды. Өлшеуіш жабдықтар, тоқ және кернеу трансформаторлары таңдалды. БТҚС шинасы мен төменгі кернеулі қондырғылар да таңдалды.

Экономикалық бөлімде «Электрмен жабдықтаудың құрылысына салынатын инвестицияның экономикалық және финанстық эффективтілігі» тақырыбында бизнес – жоспар жасалды. Есептеулер бойынша ақталу мерзімі дисконттаусыз 3 жыл.. Жыл сайынғы түсіп отыратын ақшалы түсім  $GF=59,5$  млн тенге деген риск деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімінде зауыттың еңбек қорғау бойынша талдаулар жасап және зауыттың ажырату қорғаныс құрылғысын таңдау мен есептеу анықталды. Сонымен қатар зауытта орналасатын прожекторлық жарықтанудың түрлерімен есептеліуін қарастырдық

Осы дипломдық жұмысты жазу үрдісінде өндіріс аумақтарына және тағыда басқа орындарда толық электрмен жабдықтауды үйрендім.

## Қысқартулар мен белгіленулер тізімі

АТҚ– ашық тарату құрылғысы  
ӘЖ –әуе желісі  
БТҚС –бас төмендеткіш қосалқы станция  
БЭЖ –бірыңғай энергетикалық жүйе  
ДББП –доғалы болат балқытқыш пеш  
ДРШ –доғалы разрядты шамдар  
ЖККБ –жоғары кернеулі конденсаторлар батареясы  
ЖҚҚ –жеке қорғану құралдары  
ЖТҚ –жабық тарату құрылғысы  
ҚТ–қысқа тұйықталу  
ЛШ –люминисцентті шамдар  
ӨҚН – өрт қауіпсіздік нормалары  
СҚ –синхронды қозғалтқыш  
ТККБ –төменгі кернеулі конденсаторлар батареясы  
ТҚ – тарату құрылғысы  
ТҚС – трансформаторлық қосалқы станция  
ЭБЖ – электр беріліс желісі  
ШМК – шекті мүмкіндік концентрациясы  
МЕСТ – мемлекеттік стандарт  
АҚ – акционерлік қоғам  
ЖШС– жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
ҰЭТ– ұлттық энергияны тарату

## Әдебиеттер тізімі

1. Князевский Б.А., Липкин Б.Ю. “Электроснабжение промышленных предприятий” – М. Высшая школа, 2001 г, 400 с.
2. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 1991 г, 464 с.
3. “Справочник по проектированию электрических сетей и электрооборудования” под редакцией Ю.Г.Барыбина и др. – М. Энергоатомиздат, 2002 г, 576 с.
4. “Справочник по электроснабжению и электрооборудованию” В 2 т. под редакцией А.А.Федорова. – М. Энергоатомиздат, 1986 г, 568 с.
5. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. “Электрическая часть электростанций и подстанций”. Справочник – М. Энергоатомиздат, 1989 г.
6. Рожкова Л.Д., Козулин В.С. “Электрооборудование станций и подстанций” - М. Энергоатомиздат, 1987 г.
7. РТМ 36.18.32.4-92
8. ПУЭ Издание седьмое. От 08.07.2002 № 204
9. ПТЭ и ПТБ, 1969 г.
10. Г.Н. Ополева - Схемы и подстанции электроснабжения. Справочник. Москва ФОРУМ-ИНФРА-М 2006 г.
11. Правила устройства электроустановок. Минэнерго СССР – М.Энергия, 1986 г.
12. Федоров А.А., Каменева В.В. “Основы электроснабжения промышленных предприятий” – М. Энергоатомиздат, 1984. – 472 с.
13. Положение об аттестации производственных объектов организации по условиям труда. Постановление коллегии от 22 мая 1995 года.
14. Свенчанский А.Д., Трейзон З.Л., Мнухин Л.А. “Электроснабжение и автоматизация электротермических установок” – М.: Энергия, 1980. – 320 с.
15. П. А. Долин, Основы техники безопасности в электроустановках Энергоатомиздат 1984 г.
16. Свенчанский А.Д., Жердев И.Т. “Электрические промышленные печи: Дуговые печи и установки специального нагрева” – М. Энергоиздат, 1981. – 296 с.
17. [www.proektant.org](http://www.proektant.org)
18. [www.OpenGost.ru](http://www.OpenGost.ru)
19. [www.dwg.ru](http://www.dwg.ru)

## Зауыттың жарықтық жүктемесі

Книга1 - Microsoft Excel												
Файл Главная Меню Вставка Разметка страницы Формулы Данные Рецензирование Вид												
Calibri 11 A A Ж К Ч Шрифт Выравнивание Число												
Т15 f												
Книга1 * x Строка формул												
A	B	C	D	E	F	G	H	I	J	K	L	
3		Ғимарат						Жарықтану жүкте-				
4	Цех №	Цехтар атауы	Ұзын.м	Ғимарат	Меншікті	Сұраныс	Жарық-та	Рро, кВт	Qро, кВар	cosφ	tgφ	Лампа түрі
5			Ені, м									
6	1	Штамптау цехі	3x33, 17,2	2749	0,012	1	32,99	32,99	16,49	0,9	0,5	ДРЛ
7	2	Арматуралық цехі	112x33	3696	0,013	0,95	48,048	45,65	22,82	0,9	0,5	ДРЛ
8	3	№1 механикалық цехі	112x43	4816	0,012	0,95	57,79	54,71	27,35	0,9	0,5	ДРЛ
9	4	№2 механикалық цехі	112x20	2240	0,012	0,95	26,88	25,54	12,77	0,9	0,5	ДРЛ
10	5	Жиынтық цехі	89x53	4717	0,013	0,95	61,32	58,25	29,12	0,9	0,5	ДРЛ
11	6	Ұсталық тығыздау цехі	125x30	3750	0,015	0,85	56,25	47,81	23,9	0,9	0,5	ДРЛ
12	6а	Ұсталық тығыздау цех аулақтануы	46x30	1380	0,015	0,85	20,7	17,59	8,79	0,9	0,5	ДРЛ
13	7	Сорғылау	23x17, 17x10	561	0,013	0,8	7,29	5,83	2,91	0,9	0,5	ДРЛ
14	8	Өрт сөндіру депосы	23x17, 17x10	561	0,011	0,8	6,17	4,94	2,47	0,9	0,5	ДРЛ
15	9	Құю цехі	165x50, 10x10, 10x10, 10x10, 112	10006	0,012	0,95	120,072	114,07	57,035	0,9	0,5	ДРЛ
16	10	Зауыт басқармасы,	122x30	3660	0,018	0,7	65,88	46,12	23,06	0,9	0,5	ЛЛ
17	11	Койма	30x10	300	0,011	0,6	180	1,98	0,99	0,9	0,5	ЛРП

## Қосымша Б


### Зауыттың жарықтық және күштік жүктемесін Microsoft Office Excel жабдығында жасау

Отображение вкладки "Шрифт" диалогового окна "Формат ячеек".

№	Цехтардың ағауы	ЭҚ саны, п	Орнатылған қуат, кВт	куат, м	$K_{\text{ж}}$	$\cos \varphi$	$\text{tg } \varphi$	Орташа жүктемелер		$\rho_3$	$K_p$	Есептік жүктемелер			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
1	механикалық қор	500	1-150	5800	>3	0,36	0,67	1,02	2088	2297	78	0,7	1461,6	2296,8	2722,42
	Жарықтану												124,26	62,13	138,93
	Қорытынды												1585,86	2358,9	2861,35
2	омпрессорлар орн	10	янв.20	200	>3	0,62	0,75	0,88	124	109	10	0,9	111,6	120,03	163,89
	Жарықтану												1,96	0,98	2,19
	Қорытынды												113,56	121,01	166,09
3	никалық жинақтау	50	янв.40	1800	>3	0,29	0,7	1,02	522	532	50	0,7	365,4	532,44	645,76
	Жарықтану												24,09	12,048	26,94
	Қорытынды												389,49	544,49	672,7
3а	қтау цехының бөлі	32	июл.70	500	>3	0,29	0,69	1,04	145	151	15	0,85	123,25	150,8	194,76
	Жарықтану												24,63	12,31	27,54
	Қорытынды												147,88	163,11	222,3
4	Термиялық цех	80	1-100	2100	>3	0,54	0,65	1,16	1134	1315	42	0,8	907,2	1315,4	1597,9
	Жарықтану												24,92	12,46	27,17
	Қорытынды												932,12	1327,86	1625,07

## Қосымша В

Жүктеменің цехтық қосалқы станциясы бойынша таратылуын Microsoft Office Excel жабдығында жасау



	I	J	K	L	M	N
	№№ТП,Снтп,Қнбкп	Цех №	Рр0,4,кВт	Қр0,4,квар	Sp0,4, кВА	Кз
	ТҚС1÷ ТҚС2	1	782,99	766,49	-	0,83
	(4×1600)	2	486,65	463,82	-	
		6	727,81	703,9	-	
		6а	348,79	373,11	-	
		7	221,83	240,51	-	
		8	24,54	24,03	-	
		11	52,38	122,34	-	
		12	370,39	351,79	-	
		13	169,2	143,1	-	
		14	179,59	190,97	-	
	Аумақты жар.(50%)		909,29	454,64	-	
	Қнбкп (4×350)			-1400	-	
	Қорытынды		4273,46	3162	5316,08	
	ТҚС3÷ ТҚС4	3	605,96	578,6	-	0,8
	(4×1600)	4	85,04	72,27	-	
		5	264,5	235,375	-	
		9	2196,57	2139,535	-	
		10	383,62	360,59	-	



Жылдық есептік шығынды анықтауды Microsoft Office Excel  
жабдығында жасау

ТП №-і	Цех №-і	ЭҚ саны, n	Орнатылған қуат, кВт		К <sub>иср</sub> взв	Орташа жүктемелер		n <sub>э</sub>	К <sub>р</sub>	Есептік жүктемелер			Кз
			P <sub>нпнп</sub> , P <sub>н тах</sub>	ΣP <sub>н</sub>		P <sub>см</sub> , кВт	Q <sub>см</sub> , квар			P <sub>р</sub> , кВт	Q <sub>р</sub> , квар	S <sub>р</sub> , кВА	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
ТП1, ТП2	1	500	1-150	5800		2088	2296,8						
	2	10	январь.20	200		124	109,12						
	3а	32	январь.70	500		145	150,8						
	4	80	7-100	2100		1134	1315,4						
Қуштік		622	1-150	8600	0,41	3491	3872,12	115	0,7	2443,7	3872,12		
Жарықтану										175,77	87,885		
Қнбк(3*500)											-1500		
Терр.жарықтануы										136,5	68,25		
Қорытынды										2756	2528,26	3740	1
ТП3, ТП4	3	50	январь.40	1800		522	532,44						
	5	50	январь.60	1630		717,2	932,36						
	6	30	январь.60	280		92,4	83,16						
	7	60	январь.80	2800		1726	1621,84						